



ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Егемен Қазақстан



1919 жылы
17 желтоқсан
шыға бастады

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

№243 (29224) 16 ЖЕЛТОҚСАН, СЕНБІ 2017 ЖЫЛ

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Еселі еңбек еленген күн

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіздік күні қарсаңында елге елеулі, халыққа танымал, еңбектері орасан бірқатар отандастарымызға мемлекеттік наградалар мен сыйлықтар тапсырды.

Динара БІТКІ,
«Егемен Қазақстан»

Салтанатты шарада Елбасы алдымен Қазақстан халқын ұлы мерекемен құттықтап, одан әрі егемен ел ретінде дамыған жылдарымыздағы айрықша жетістіктерімізді атап өтті.

«Егемендікке ие болған соң біз мықты әрі өркендеу жолына түскен Қазақстанды құруға кірістік. Осы жылдар ішінде еліміз көптеген елеулі жетістіктер мен жеңістерге қол жеткізді. Аукымды жаңғыру үдерісі аясында азаматтарымызға жоғары әлеуметтік кепілдік беріп, әлауқатының артуын қамтамасыз еттік. Біз Қазақстанның халықаралық беделін нығайтып, жаһандық деңгейдегі ауқымды іс-шараларды лайықты өткіздік», деді Президент. Сондай-ақ еліміздің жетістіктері мен институттық реформаларды іске асырудағы әрбір қазақстандықтың рөлі мен күш-жігері жөнінде айтты.

«Бүгін біз Отанымыздың дамуына өз үлесін қосып, еңбек сіңірген азаматтарымызды наградалармен және сыйлықтармен марапаттаймыз. Биыл «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы Ахметжан Есімовке берілді. Ол менің сенімді серіктеріміздің бірі ретінде тәуелсіз Қазақстанның іргесін қалауға зор үлес қосты», деді Мемлекет басшысы.

Бұдан әрі Елбасы «Қазақстанның Еңбек Ері» атағымен марапатталған инженер Руслан Қуатовтың сіңірген еңбегін атап өтті. «Жоғары білікті инженер ретінде ол мұнай өндіру ісін технологиялық тиімділігі тұрғысынан қамтамасыз етуге зор үлес қосты. Еліміздің мұнай-газ саласындағы халықаралық серіктестік ретінде дамуына атсалысты. Осындай



кәсіби мамандардың еңбегінің арқасында мемлекетіміздің индустриялық әлеуеті артып, энергетикалық егемендігі нығая түседі», деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы «Қазақстанның Еңбек Ері» атағымен даңқты балуан, Олимпия ойындарының чемпионы Жақсылық Үшкөмпіровті марапаттады. «Бүгінде Жақсылық Үшкөмпіров ауыл шаруашылығын дамытумен айналысып, ауылды өркендетуге зор үлес қосуда. Ол өз қаражатына спорт кешенін,

балабақшалар, жас отбасыларға арналған үйлер салып, ауылдастарының құрметі мен ризашылығына бөленді», деді Президент.

Нұрсұлтан Назарбаев «Отан» орденімен марапатталған Амангос Төлеуовтың ауыл шаруашылығын дамытудағы рөлін және ІІІ дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталған Әнес Сарайдың шығармашылық еңбегін атап өтті.

ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін Игорь Анатольевич Китаевқа, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері»

атағын Елтаңбамыздың авторы Жандарбек Мәлібекұлына және «Астана Балет» театры» ЖШС бас балетмейстері М.Абубахриеваға табыстады.

Қазақстан Президенті сонымен қатар өрт кезінде өз өміріне қауіп төнгеніне қарамастан үш адамды, соның ішінде кішкентай баланы өлімнен құтқарып қалған Руслан Базарбаевтың ерлігін де ерекше атап өтті.

«Бүгін біз өз ісінің білікті мамандары, Отанымыздың нағыз патриоттары

болып саналатын қазақстандықтарға құрмет көрсетеміз. Мемлекеттік наградаларға мәдениет пен өнер, білім беру мен денсаулық сақтау ісінің қайраткерлері, бизнес пен өндіріс саласының өкілдері, әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері, соғыс және еңбек ардагерлері, спортшылар мен мемлекеттік қызметшілер ие болуда.

(Соңы 2-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ӨКІМІ

2017 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясын беру туралы

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес 2017 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясы берілсін.
2. Осы өкім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 2017 жылғы 14 желтоқсан № 202

Өкімге қосымшаны 4-беттен оқисыздар

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Өмірзақ Естайұлы Шөкеев Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі болып тағайындалды

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Асқар Исабекулы Мырзахметов Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметінен босатылды

Мерейлі мереке салтанаты

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты қабылдауға қатысты, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы жиынға қатысушыларды және Қазақстан халқын ұлттық мерекеміз – Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

– Бұл күні уақыт өлшеміне бағына қоймайтын мақтаныш, қуаныш пен толқынсыз өзара үйлесім тауып, ерекше сезімге бөлейді, – деді Қазақстан Президенті.

Елбасы тәуелсіздік жылдарында Қазақстан жылдам өсуге қол жеткізіп қана қоймай, алдағы уақытта орнықты даму үшін берік негіз қалағанын айтты.

– Бұған дейін тарихымызда болмаған кәсіпкерлер шоғыры қалыптасты. 1,2 миллионнан астам қазақстандық өзінің жеке кәсібін жүргізіп, барлық ұлттық кірістің төрттен бірін қамтамасыз етіп отыр, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы «Нұрлы жол» бағдарламасы келешектің инфрақұрылымдық дайындығын қамтамасыз еткен әрі дағдарысқа қарсы шешім болғанын атап өтті.

– Бізғарлы жел соққанда, біз қорша емес, жел дірмендер салдық. Жеті жылдың ішінде өңдеу өнеркәсібінің жана 24 секторы пайда болды. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының тиімділігі нысандар санымен емес, тұтас салалар санымен өлшенеді, – деді Елбасы.

Қазақстан Президенті мемлекеттің әлеуметтік функциясын нығайтудың кепіліне айналған экономикалық өзгерістердің табысты болғанына ерекше назар аударды. – Халқымыздың саны тарихымызда бірінші рет 18 миллионнан асты, бала туу көрсеткіші бір жарым есе өсті.

(Соңы 2-бетте)

ПРЕЗИДЕНТ ПОШТАСЫНАН

Жеделхаттарда – ізгі тілектер

Нұрсұлтан Назарбаевтың атына Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеуге орай шет мемлекеттер басшылары мен халықаралық ұйымдар жетекшілерінен құттықтау жеделхаттары келіп түсті, деп хабарлады Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі.

БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш Нұрсұлтан Назарбаевтың атына жолдаған жеделхатында: «Сіз үшін осы ерекше күні мен Сіздің еліңіздің Біріккен Ұлттар Ұйымын нығайту және барша үшін бейбітшілікті, даму мен адам құқық қамтамасыз ету бойынша біздің ортақ күш-жігерімізді ілгерілету ісіне белсенді қатысатынына және ықпал

ететініне сенімдімін», деп жазады. Германия Федеративтік Республикасының Президенті Франк-Вальтер Штайнмайер өзінің құттықтау жеделхатында былай деп атап өтеді: «Дипломатиялық қатынастар қалыптасқан сәттен бергі ширек ғасыр бедерінде біздің елдеріміздің арасындағы саяси, экономикалық, қоғамдық және мәдени

байланыстар көпқырлы және серпінді дамуға ие болды. Германия алдағы кезеңдерде де демократияны нығайту мен заң үстемдігі үдерістерінде Қазақстанның сенімді серіктесі болып қала бермек».

Канаданың Генерал-губернаторы Жюли Пайетт өзінің құттықтау хатында Қазақстанның ядролық қаруды тартпау бастамасына қолдау көрсететінін білдіреді және өңірді әрі қарай дамыту жөніндегі бітімгершілік күш-жігері мен қолға алып жатқан іс-әрекеттерін атап өтеді.

Өзінің жеделхатында Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбеков Қазақстан-Қырғызстан

қарым-қатынасы әрі қарай да одақтастық пен стратегиялық серіктестік рухында нығайып, дами беретініне сенім білдіреді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы мен Қазақстан халқының атына игілік пен өсіп-өркендеу тілеген жеделхаттарды Жапония Императоры Акесиго, Сингапур Республикасының Президенті Халима Якоб, Аустрия Республикасының Президенті Александр Ван дер Беллен, Мексика Президенті Энрике Пенья Ньето, Нидерланд Королі Виллем-Александр, Куба Республикасы Мемлекеттік кеңесінің және Министрлер кеңесінің Төрағасы Рауль Кастро Рус жолдаған.



